

АСТАНА ҚАЛАСЫ «БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК



**«ӨЗГЕРІСТЕРДЕН ІЗДЕНІСТЕРГЕ ДЕЙІН» ТАҚЫРЫБЫНДА
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТЕТІНІ ТУРАЛЫ**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

2023 жылдың 26 мамыр күні Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Назарбаев зияткерлік мектебінің тәжірибесін тарату, НЗМ және қала мектеп мұғалімдерінің бірлесе әрекеттесуіне, ортақ алаңда жұмыс жасауына ықпал ету мақсатында құрылған жұмыс алаңының «Өзгерістерден ізденістерге дейін» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысуға шақырамыз.

Конференция мақсаты – SHARE халықаралық жобасы аясында қазақ тілі және әдебиет пәндерінде іс-әрекеттегі зерттеу нәтижесін жинақтау және тарату.

Өту форматы: онлайн (Google Meet), офлайн.

Өту орны: Астана қаласы, Сауран көшесі №5, 1-ғимарат, «№59 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК.

Өту тілі: қазақ тілі.

Өту күні, уақыты: 26 мамыр 2023 жыл, сағат: 9.00-12.00.

Конференция қатысушылары:

- жалпы орта мектеп педагогтері;
- «SHARE» жобасына қатысатын мектептер;
- Астана; Алматы, Қарағанды, Петропавл қалаларындағы физика-математика бағытындағы НЗМ, Халықаралық Бакалавриат Мектебі.

Ұйымдастырушылар:

- Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК;
- Астана қаласы физика-математика бағытындағы НЗМ;

- Астана қаласы әкімдігінің «№ 59 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК.

I. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Астана қаласында 2019 жылдан бастап «SHARE» халықаралық жобасы іске асырылуда. Жоба мақсаты педагогтердің зерттеу қызметі нәтижесінде анықталған менеджмент пен оқытуға өзгерістерді енгізу арқылы оқыту сапасын арттыру және мектептер арасында педагогтердің кәсіби қауымдастығын құру болып табылады.

Астана қаласы Білім басқармасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы «SHARE халықаралық жобасы аясында қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінде іс-әрекеттегі зерттеу туралы» №167 бұйрығы негізінде 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу бойынша жұмыс тобы (ары қарай жұмыс тобы) құрылып, НЗМ бірлескен тәжірибе алмасу алаңы жұмыс жасап келеді.

Назарбаев Зияткерлік Мектебімен бірлескен тәжірибе алмасу алаң мақсаты:

- білім саласындағы өзгерістерді саралау, оқу процесіне енгізу;
- жаңарған бағдарлама мақсаттарымен жұмысты жандандыру, әдістемелік жағынан жетілдіру;
- мұғалімдердің бірлесе әрекеттесуіне, ортақ алаңда жұмыс істеуіне ықпал ету;
- сабақтағы іс-әрекетті зерттеу қадамдарын меңгере отырып, іс-тәжірибені жетілдіру.

Бірлескен тәжірибе алмасу алаңының кезеңдері:

- оқу мақсаттарын түсіну, зерделеу, тапсырмаға айналдыру;
- тапсырмалардың оқу процесіндегі тиімді/ тиімсіздігіне зерттеу жүргізу;
- зерттеу нәтижелерін рефлексиялау, саралау;
- озық тәжірибені анықтау, екшеу;
- авторлық әдістемеге қол жеткізу.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің білім беру сапасын арттыру, педагогтердің біліктілігін жетілдіру, үздіксіз кәсіби дамуына әдістемелік көмек көрсету үшін құрылған тәжірибе алмасу алаңын ұйымдастырушы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» әдіскері Маманова Жанар Сейтахметқызы, Астана қаласы физика-математика бағытындағы НЗМ мұғалімі, жұмыс тобының менторы Меңдібаева Салтанат Әблаханқызы; жұмыс тобының үйлестірушісі, №59 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Сахмурзаева Гулжамилә Тохтарқызы және жұмыс тобы мүшелері: Асемова Рауан Саметқызы – №15 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі; Карамурзина Маржан Жолаубаевна – «Білім-инновация» қыз балаларға арналған лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі; Оңдыбаева Айжарқын Кузенбаевна – №64 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі; Ажибаева Улжан Батырхановна – №55 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні

мұғалімі; Мұса Анизат Сейдазымқызы – №40 мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі; Алпанова Жанар Бейбітқызы – №92 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі; Зияхан Ақерке – №59 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі; Мамадиярова Гүлзира Батырханқызы – №73 мектеплицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні.

Конференция барысында тәжірибе алмасу алаң мүшелері мен НЗМ мұғалімдері іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізу жұмыс тобы аясындағы зерттеу жұмыстарымен, зерттеу сабақтарымен, бірлескен тәжірибе алмасу нәтижелерімен, мақалаларымен бөліседі.

II. КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ, ҚАРАСТЫРЫЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР:

- «Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту»;
- «Креативті жазылым түрі – трансформациялау жазбалары»;
- «Комикс жазу несімен қызықты?»;
- «Креативті жазылым түрі – реставрациялау жазбалары»;
- «Креативті ойлауды жинақтау арқылы қалай әңгіме жазуға болады?»;
- «Креативті ойлаудан креативті тапсырмаға дейін»;
- «Қазақ тілі сабақтарында білімді трансформациялау арқылы айтылым дағдыларын қалай жетілдіруге болады?»;
- «Кейс стади тәсілі қазақ тілі сабақтарында оқушының зерттеушілік, жобалық дағдыларын дамыта ма?»;
- «Қазақ тілі сабақтарында оқушының ішкі мотивациясын қалай көтеруге болады?»;
- «Креативті жазылымның оқушының эмоционалды интелектіге әсері»;
- «Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту»;
- «Драмалық әдістер арқылы коммуникативтік жағдаятқа сай оқушылардың аргументтеп шешен сөйлеу дағдыларын дамыту»;
- «Оқушылардың сенімді, еркін сөйлеуіне эмоционалды интеллект техникалары қалай әсер етеді?»;
- «Оқушылардың сыни мақала жазу дағдыларын зерттеп оқу арқылы дамыту»;
- «7-сынып оқушыларының мазасыздық деңгейін қалай төмендетуге болады?».

III. КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

Конференцияға жалпы орта мектептің педагогтері қатыса алады.

Қатысуға тіркелу жарнасы: онлайн қатысу – 2000 тг., офлайн қатысу – 4000 тг.

Конференцияға қатысушыларға қатысқаныңыз үшін **Сертификат** беріледі.

Конференцияға қатысу үшін төлем мәселелері бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады: +7 778 449 7385 (Толеубаева Самал Жаксылыковна, №86 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, қалалық пәндік Педагогтер қауымдастығы көшбасшысы), +7 707 652 5833 (Мамадиярова Гүлзира Батырханқызы, №73 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні).

IV. ТӨЛЕМ ЖАРНАСЫНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН РЕКВИЗИТІ

Банктің деректемелері бойынша ағымдағы шотқа төлеу:

Атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

ЖСН/БСН: 070540006188

ЖСК: KZ42722S000006089425

БИК: CASPKZKA

«KASPI BANK» АҚ

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр көшесі 33

КБЕ: 16

Төлем мақсаты деген жерге «Өзгерістерден ізденістерге дейін» шарасы деп жазасыздар.